

А.О. Кадыралиева*Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан**E-mail: k.aizat8@mail.ru,**ORCID: 0009-0008-9961-5289***ЕЛЕН ӘЛІМЖАННЫҢ «ТАҚТАЛАС» КОМЕДИЯСЫНДАҒЫ
ҚОҒАМ КӨРІНІСІ (ТРАЙБАЛИЗМ МӘСЕЛЕСІ)**

Аңдатпа. Бұл мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі драматургтеріміздің заман талабына сай жаңашылдыққа деген ұмтылысымен ерекшелініп отырғаны зерттелді. Қазақ әдебиеті мен театр өнеріне өткен ғасырдың 70-жылдары келген буынның көрнекті өкілдерінің бірі – жазушы-драматург Елен Әлімжан. Оның шығармаларында жаңа мен ескінің арасындағы айырмашылық қана емес, олардың өзара қақтығысы мен күресі барынша шыншылдықпен суреттеледі. Осындай дүниелерінің бірі – қазақ драматургиясын жаңа деңгейге көтеріп, сахналық едәуір серпіліс әкелген «Тақталас» комедиясы. Бұлай деуіміздің бір себебі – тап осы комедияда өмірде аз кездеспейтін трайбализм мәселесі ашық көтеріледі. Қазақ қаламгерлерінде тәуелсіздік алғанға дейін трайбализм тақырыбын қозғауға мүмкіндік болған жоқ. Қозғалса да өткен дәуірлерді көрсеткен сахналық шығармаларда рулар арасындағы жер дауы, жесір дауы деңгейінде ғана көрініс тапты. Ал, Е.Әлімжанның «Тақталасы» еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдары-ақ трайбализм тақырыбын алғаш рет ашық түрде әлеуметтік-саяси деңгейде көтерген тұңғыш комедия болды. Автор пьесасында қоғамдық бұл дертті тұрмыстық, отбасылық деңгейде қалдырмай, жоғарыда атағанымыздай, әлеуметтік-саяси сатира дәрежесіне көтерді. «Тақталаста» трайбализм дертінің асқынып кеткені соншалық - тіпті мемлекеттік басқару ісіне дейін қалай терең еніп кеткені ащы әжуамен ашылады. Ғылыми мақалада Е.Әлімжанның «Тақталас» пьесасының композициялық жүйесі, әр бөлімдегі көріністің шынайылығы қарастырылып, драматургтың шеберлік қырлары сарапталды. Пьесаның басты идеясына мән беріліп, барлық кейіпкерлерге кеңінен талдаулар жасалды. Қазақ драматургиясындағы комедия жанрының ерекшелігі, соның ішінде Е.Әлімжан көтерген тақырыптың ауқымы, көркемдік шешімі теориялық тұрғыда негізделді.

Кілт сөздер: драматургия, комедия жанры, кейіпкерлер, тақырып пен идея, тартыс, оқиға

А.О. Кадыралиева*Казахский национальный университет искусств, Астана, Казахстан**E-mail: k.aizat8@mail.ru**ORCID: 0009-0008-9961-5289***Изображение общества в комедии Елен Алимжана
«Тақталас» (проблема трайбализма)**

Аннотация. В статье исследована особенность творчества драматургов в период независимости – их стремление соответствовать требованиям времени, к новизне. Один из них - представитель ярко вошедшего в литературу и театральное искусство поколения 70-х прошлого столетия, писатель-драматург Елен Алимжан. В его произведениях с наибольшей правдивостью изображаются не только различия старого и нового, но и острый конфликт и борьба между ними. Это правдиво показано в его пьесе «Такталас» («Борьба за трон»), в комедии, где поднимается очень актуальная тема и как бы закрытый до сих пор пласт проблем. И это, на наш взгляд, драматургия другого уровня и соответственно давший импульс сцене. Именно в этой комедии поднимается проблема трайбализма, к сожалению,

ставшего частью жизни социума и общества. До обретения независимости затронуть тему трибализма у писателей не было возможности. Даже, если эта тема затрагивалась в драматических произведениях прошлых эпох, то это изображалось лишь на уровне социально-бытовых споров между родами. В первые годы независимости пьеса «Такталас» Е.Алимжана стала первой комедией в казахской драматургии, открыто поднимавший тему трибализма в социально-политическом аспекте. выводив ее с уровня быта, семьи и анти-традиций. В этой социально-политической сатире показано, что трибализм настолько глубоко укоренилось в обществе, что начал эродировать даже на уровне государственного управления. В научной статье анализируются композиционный строй пьесы «Такталас» Е.Алимжана, правдивость сцен в каждой части, особенности мастерства драматурга. Акцент сделан на основной идее пьесы, подробно рассмотрены все персонажи. Теоретически обоснованы особенности жанра комедии в казахской драматургии, в том числе диапазон поднятой темы Е.Алимжаном и ее художественное решение.

Ключевые слова: драматургия, жанр комедии, персонажи, тема и идея, борьба, событие

A.O. Kadyraliyeva

Kazakh National University of Arts, Astana, Kazakhstan

E-mail: k.aizat8@mail.ru

ORCID: 0009-0008-9961-5289

Portrayal of Society in Elen Alimzhan's Comedy «Taktalas» (The Problem of Tribalism)

Abstract. The article examines a particularly noticeable phenomenon of the era of the formation of drama in the modern period of independence – the desire of our playwrights to innovate in accordance with the requirements of the time. Writer-playwright Elen Alimzhan is one of the outstanding writers who came to Kazakh literature and theatrical art in the 1960s of the last century. The playwright boldly embraced the trend of depicting as honestly as possible not only the difference between the new and the old, but also their mutual conflict and struggle. E. Alimzhan's comedy "Taktalas" is one of the works that brought Kazakh drama to a new level and had a significant breakthrough. Before independence, Kazakh writers did not have the opportunity to discuss the topic of tribalism. Although this topic was touched upon, in stage works showing past eras, this phenomenon was reflected only at the level of land disputes between clans and widow disputes. The democratic movement that began in 1986 brought independence to our country in 1991. "Taktalas," written in the context of this freedom, became the first work to touch upon the theme of tribalism on the Kazakh stage. "Taktalas" by E. Alimzhan is the first comedy in Kazakh drama that raised tribalism to the socio-political level. At the same time, the author did not leave tribalism at the level of everyday life, family, customs, traditions, but elevated it to the level of socio-political satire. Through the comedy "Taktalas," E. Alimzhan reveals the most acute problem of the Kazakhs, explaining how tribalism has deeply penetrated not only life, but also society and even public administration. Therefore, the writing of his sharp comedies made a great contribution to the expansion of the theater's repertoire. The scientific article examined the compositional structure of the work, the authenticity of the scenes in each part, and seriously analyzed the playwright's skill. Great importance is attached to the main idea of E. Alimzhan's play "Taktalas" and all the characters are comprehensively analyzed. The originality of the comedy genre in the dramaturgy of Kazakh literature, including the scale of the topic raised by E. Alimzhan, theoretically justifies the artistic decision.

Keywords: drama, comedy, characters, theme and idea, conflict, story

1. Кіріспе

Қазақ драматургиясын қалыптастырған Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Ж.Шанин, Ж.Тілепбергенов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов және тағы басқалар замана зарына құлақ тосқан нағыз сөз шеберлері еді. Олар көтерген

тақырыптар – қазан көтерілісі, әйел теңсіздігі, баянсыз махаббат, дін мен тіл, әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты жазылған үлкенді-кішілі пьесалар әр кездері жарық көрді. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары да ұлттық драматургияда өмірдің өзекті мәселелерін көтерген Ә.Тарази, А.Сүлейменов, Д.Исабеков, С.Балғабаев, Б.Мұқай, Т.Ахметжан, Ш.Мұртаза, Қ.Ысқақ, Р.Отарбаев, И.Сапарбай, Т.Әбдіков тағы басқа драматургтер бар. Аталған авторлар заман келбетін ашуға барынша тер төкті. Осы тұста Г.Орда ұжымдық монографияда: «...тәуелсіздік тұсындағы драматургия қалыптасқан дәстүрлі жолын жалғастырып келеді. Бұл жылдары қазақ сахнасы көптеген жаңа есімдермен толықты. Драматургтер сан ғасырлық тарих пен XX ғасырдағы түрлі оқиғаларға жан бітірді. Тарихи тақырыппен бірге бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығы да жеткілікті дәрежеде қамтылды» – деген ой түйеді (Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер, 2020: 11). Тәуелсіз отыз жылдың ішінде көптеген пьесалардың дүниеге келуі болашақ ұрпақ еншісіне саф алтындай сақтаған салт-санасын, ақыл-кеңесін мұра етеді. Сол арқылы оның өсіп-дамуына ықпал жасайды. Классикалық және тарихи уақиғаларда қалыптасқан дәстүрлі бейнелерді жасау мен ұлттық патриоттық сезімін оятудағы қымбат дүниелеріміздің драматургия саласында жиі қолға алынып жатуы үлкен олжа. Ендігі жерде, трагедия, драма жанрларымен ғана емес, комедиялық шығармаларымен де замандастарының бойындағы сан түрлі кемшіліктерді сын тезіне алуы көзделеді. «Soullessness, cruelty along with alcoholism, drug addiction and prostitution have become widespread vices.» (Mayemirov, et al., 2015) – деген пікірге қосылуға болады. Қазақ шығармаларының бірінде ұлттық тәрбие, отбасы құндылықтары қаралса, енді бірінде нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, жемқорлық тәрізді үлкен қоғамдық дертке айналған келеңсіз жағдайлар қарастырылып келеді. Драматургтеріміздің алдындағы бір жауапты сын – өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның бет-бейнесін ашатын әрі қайшылықтардан тұтанған күлкіге апаратын тың туындыларды жарыққа әкелу. Яғни, драматург өмірді жұрт қатарлы танумен бірге сол тіршілікте түрлі күйге түсетін адамзат қатынастарының хал-ахуалын, олардың оңай өмір сүріп, жеңіл байып, зор даңққа жету жолындағы айла-әрекеттерін, пейіл-мінезін, әдет-ырымдарымен түгел танысу керек. Қолына қалам ұстаушыларға қарата айтылған бұл қағида-ілімдер Елен Әлімжанның бойында бар қасиет деп айтуға толық негіз бар. Себебі, ол қоғам көрінісін көрсету мақсатында адами мінездердің әртүрлілігімен бірге, олардың бойындағы келеңсіз құбылыстарды барынша мазақ етіп масқаралайды. Оны жирене көрсетуге құлшынады. Кез келген өмір құбылысының қоғамдық-саяси маңыздылығын игеру жолындағы ізденісті Е.Әлімжанның «Тақталас» комедиясынан байқауға болады. «1946-1960 жылдардағы қазақ драматургиясы» атты мақалада: «Қай дәуірде жазылған пьесаны алып талдасақ та, оның көркемдік құндылығын, жазылу стилі мен ондағы қолданылған драматургиялық тәсілдерін анықтау үшін ондағы болып жатқан оқиғалардың шындыққа қаншалықты жанасымды екеніне көп назар аударуымыз керек. Себебі, пьесадағы конфликтінің шындыққа жақын, не алыс болуы көркем туындының идеялық көркемдік жағын талдауға мүмкіндік

береді. Жасандылыққа жақындап кеткен конфликтілер көрермен сенімінен алыстап, пьесаның, артынша спектакльдің құнын түсіреді, әдеби көркемдігінің әлсіздігін, тұрақсыздығын көрсетеді» дейді авторлар (Мұратқызы, Мұқан, Тәшімова: 2023, 300). Драматургиялық тәсілдерді оңтайлы қолданған Е.Әлімжанның «Тақталас» комедиясы да ұтымды шешімдерге құрылған.

Мақаланың негізгі мақсаты:

- Е.Әлімжанның суреткерлік көзқарасын, өзіне тән қолтаңбасын анықтау;
- жазушы-драматургтың «Тақталас» комедиясындағы руға, жүзге, жікке бөлінудің салдарын тілге тиек ете отырып, трайбализм мәселесін көтерудегі ізденістерін саралау.

Рушылдық, жүзшілдік жайлы мәселе тәуелсіздік алған уақыттан бері қаншама рет көтеріліп, оның жағымды және жағымсыз тұстары турасында бірқатар ой-толғамдар жазылса да осы мәселеге қатысты жайттар әлі де болса терең талдауды талап етеді. Сондықтан, бірнеше буын ғалымдардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде трайбализмге қатысты көптеген жағдайлар зерделеніп, зерттелуге тиісті келелі мәселелер нақтыланып белгіленді.

2. Әдістер мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуде Елен Әлімжанның 2006 жылы «Сенім» баспасынан жарық көрген «Тақталас» жинағындағы «Тақталас» эксцентрикалық комедиясының мәтіні негізге алынды. Зерттеу нысанына қарай талданатын шығарманың жанрлық жүйесін анықтау мақсатында салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Комедияның сюжеттік-композициялық құрылымын айта отырып, өмір құбылыстарын бейнелеген кейіпкерлер жағдайын ашуға және егемен еліміздің ішкі-сыртқы саясатын тануға назар аударылды. Комедияның тақырыптық-идеялық құндылығына көңіл бөле отырып, мансап үшін күрес, сатқындық пен екіжүзділік әрекеттер, пьесадағы жоғары орынға таласу мәселелері шынайы суреттеліп, шығарманың көркемдік деңгейі анықталды. Қоғамда болып жатқан күрделі оқиғалар тізбегін сатиралық тұрғыда шешкен драматургтың ұлттық дүниетаным көзқарастарына да баға берілді. Ең бастысы, Елен Әлімжанның талантты жазушы, білікті драматург, айтулы есімге айналуында қазақтың ұлттық құндылығының, ұлы Абай дәстүрінің ықпал-әсерін айқындауда ғылыми логикалық әдістер қолданылды. Кемеңгер Абай, Махамбет, Алаш арыстары XIX ғасырдың қазақ халқының салт-жоралғының, әділдіктің жоқшысы болса, Елен Әлімжан өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап еліміз тәуелсіздік алған кезеңде де терең ой иесі ғана емес, тың тақырыптарға барып, батыл қадамдар жасады. Сондықтан, Е.Әлімжанның шығармашылығының толыққанды зерттелуі үшін, оның «Тақталас» комедиясында қарастырған трайбализмнің қоғам дамуына кері әсер етуі жинақтау, талдау әдістері арқылы ғылыми дәйектелді.

2.2 Материалдарға сипаттама

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы, театртанушы ғалымдар: З.Қабдоловтың «Сөз өнері» (2002), Р.Нұрғалидың «Шығармалары, әдебиет

теориясы. 7 том» (2013), М.Мырзахметұлының «Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл суреткері» (2020), Е.Әлімжанның «Абайтанудың ар жағы мен бер жағы» (2023), К.Есмағамбетовтің «Қазақтар шет ел әдебиетінде» (1994), Ә.Бәкірұлының «Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады» (2020), М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бір топ ғалымдары шығарған «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991–2016 жж.)». Абайдың өлендері мен қара сөздері және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектеріндегі ой-тұжырымдарына сүйендік.

3. Талқылау

Елен Әлімжанның «Тақталас» комедиясының алғашқы премьерасы 1995 жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында қойылса (реж: О.Кенебаев), артынша осы жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында сахналанды (реж: Р.Сейтметов). Кейін, Ақтөбе облыстық қазақ драма (реж: М.Бақытжанов) мен Жамбыл облыстық орыс драма театрларында қойылып (реж: Ә.Әмзеұлы), репертуарларынан берік орын алды. Бірі комедияға ән, би, өлең қосып түрлендірсе, бірі сөзге айрықша мән беріп, эксцентрикалық іс-әрекеттерді ұтымды пайдаланды, енді бірі бірінші бөліміндегі саяси сатираны ұштай түсіп, көрермен назарын негізгі тартысқа аударды.

Бұл спектакльдер туралы баспасөзде көптеген көлемді мақалалар жарық көрді. Сол авторлардың қатарында көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза, көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы, театр сыншысы Қадірбек Уәлиев, жазушылар Әділ Дүйсенбек, Көсемәлі Сәттібайұлы және басқалар бар. Солардың ішінде Шерхан Мұртаза: «Мәселе жазушының шығарманы том-том етіп көпіртіп жазуында емес. Міне, «Тақталастай» өмірлік өзекті дүниенің жүгін көтеріп тұрған бір-ақ дүниемен де әдебиет әлемінен орын алуға болады» деп Елен Әлімжанның бұл комедиясының әдебиет әлемінде өзіндік орыны бар екенін қадап айтып көрсетеді.

Ал, Мекемтас Мырзахметұлы «Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл суреткері» деген мақаласында: «Бұл комедиясында Елен Әлімжан қазақ қаламгерлерінің ішінде тұңғыш рет Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың типтік көркем бейнесін жасады. Комедияның барлық кейіпкерлері жиынтық тұлғалар, әрекеттерінде символикалық шарттылықтар бар. Сөйте тұра олардың іс-әрекеті де, мінезі де нанымды, көкейге қонымды. Бірден қабылдайсың, күлесің, ыза боласың, артынан ауыр ойға қаласың. Өйткені, бұл комедияда қазақ қоғамының өзің көріп жүрген бет-бейнесі, психологиясы тұр» дей келе «Сірә, қазіргі қазақ қоғамының қыжылдарын «Тақталастай» терең беріп, өткір әжуалаған өзге шығарма бар ма екен? Ол жағын айта алмаймын. «Жар басындағы жантақты жанынан безген нар жейді» дегендей, бұндай шығарманы тудыру үшін өз қоғамын суда жүзген балықтай сезінетін біліктілік пен азаматтық әділдікті ту етіп көтерген суреткерлік шеберлік керек» деп ағынан жарылады (Мырзахметұлы, 2020). Өз ұлтының болашағы үшін қатты алаңдаушылықтан туған Елен Әлімжанның «Тақталасы» қазақ комедиясын жаңа деңгейге көтерді деген пікіріміздің дәлелі осы. Сонымен Шерхан Мұртаза да, Мекемтас Мырзахметұлы да бұл шығарманың тек қазақ драматургиясында ғана емес, жалпы әдебиеттегі орны ерекше деп есептейді.

«Тақталас» комедиясынан тақталастықтан бақталастық немесе бақталастықтан тақталастық туатынын байқайсың. Бұл өзі әлемдегі барлық елдерде, тіпті аса дамыды деген өркениетті халықтар өмірінде де орын алып отырған қоғамдық, әлеуметтік, саяси құбылыс. Әрине, сол елдердің әрқайсысында бұл құбылыс өздерінің ішкі-сыртқы қоғамдық даму ретінде, мемлекеттің ұлт болып қалыптасу барысында жүріп өткен тарихи жолына, саяси-мәдени тұрғыдан өсіп-өрбу дәрежесіне қарай әрқилы деңгейде көрініс беретіні белгілі. Сол тәрізді, қазақтың табиғаты да ешкімге ұқсамайтын өзгеше екенін бәріміз өте жақсы білеміз. Біздің түбімізге жетіп жүрген нәрсе – жүзшілдік, рушылдық, аталастық, жікшілдік, арызқойлық, етекпен тартып еңсе көтертпеу секілді ұлттың ар-ұятына, намысына тиетін тым ұсақ мінез-құлықтар екен. Әрине, бұл – дерт! Ащы да болса, бұл – қазақтың өзіндік ұлттық дерті. Кезінде, Төле би бабамыз да «жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп бекер айтпаса керек-ті. Әзірше жазыла қоймас осы аса ауыр науқасты Елен Әлімжан өз шығармасында жақсы қозғайды, бас кейіпкерлерінің есімдерінің өзі көп нәрсені айтып тұр. Қауғабай - ұлы жүздің өкілі, Дауғабай - орта жүз, Жауғабай - кіші жүз. Бұл есімдерді автор қазақтың әйгілі мақалынан алғаны көрініп тұр. Ол – «Ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген қазақтың сөзі бар. Автор мұны «Жазушы қоғамның көркем суретін салу керек» деген сұхбатында айтқан (2000). Бұл үш кейіпкерді осы мақалға сүйеніп даралағанын растайды, шынында да солай. Қауғабай өзге екеуінен жасы үлкен. Қарттыққа аяқ басқан адам. Есіп, көсіп сөйлемейтін, «нетіп, не ғой» деген қыстырмаларды әңгімесіне көп қыстыратын момын адам. Мәселен, оның сөз саптауы былай болып келеді:

Қауғабай: Жарайсыңдар, бауыр болсаң осындай бол. Ағасын малмен бірге құмға қуып тастап, өздері жұмсақ креслоны жағалап жүр, халқым-ау, бұл заманның жастары не боп барады, үлкендерді нетуден қалған ба? (Әлімжан, 2006: 50)

Ал, Дауғабай қалған екеуінен сауаттылау, сөйлесе сөзге шешен, есіп тұр. Тіпті, арыз жазып жіберуден де тайынбайды. Оның сөздері былай:

Дауғабай: (Жауғабайды енді танып) Жауғабаймысың, ей? Жар басындағы жапалақтай жарбиып неғып отырсың, мұнда?

Жауғабай: Немене, біз отырсақ жараспай ма?

Дауғабай: Жарасады ғой, жаным-ау, неге жараспасын жастарға. «Ағаштың көркі – жапырақ, әйелдің көркі – шүберек» дегендей, сұлтанның көркі – тақ қой бұл. Бірақ, «күбісіне қарай піспегі» деген тағы бар, адам артына қарап өлшер болар.

Жауғабай бәрінің ішіндегі жасы. Қызу қанды. Артын бақпай асырып айтып, арандап та қалады. Мәселен оның мінезін мына сөздерінен байқауға болады.

Жауғабай: Ата жолы, ата жолы деп мысымды құртып болдыңдар-ау. Кіші екенмін деп мансаптың ләззатын татпай-ақ өткенім бе өмірден. Атаңнан гөрі, айқасып өлемін аяғына дейін. Бұл заман күштінікі, мына қолда бес трактордың күші бар! – деп, басында бірін-бірі «ағалап, көкелеп» қатар жүріп өскен бір елдің бас көтерер ер азаматтары Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлар бір Бастықтың орны – Орынтақтың шеті қылтиып көрініп еді, бұрыңғы ағайындастық, бауырластық, «сіз, біз» дескен

сыйластықтың бәрі ұмыт болды. Орынтаққа жету үшін беттің арын белге түйіп қырық пышақ болып жамандасып, арыздасып, айтысып-тартысады. Көкейлерін тескен мансап – Орынтаққа отырудың әлегімен тақталас-бақталас бәсекесіне дейін барады. Мұнда автордың шешімі тым ауыр деуге болады, комедияда әркім өз есебін түгендеп жүргенде, ұлттық мүддеден есе жіберіп қояды деген астар атойлап тұр. Философ Әбдірашит Бәкірұлының «Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады» деген сұхбатында: «Рушылдық қашанда ұлттық мүддеге қарсы құрал. Мәселен, биліктегі тұлғаларда мемлекетшілдік рух неғұрлым төмен болған сайын, қоғамның басты құндылықтарының мәні де жойыла береді. Таразы басында мемлекет пен жеке мүдде тұрғанда жеке мүдденің салмағы басып кетеді» (Бәкірұлы, 2020) деп «мемлекеттік мүдде» жай абстрактылы ұғым екенін, ал, «жеке мүдде» көзге көрінетін, қолға ұстайтын, дәмін тататын нақты нәрсе екенін айтып, екеуінің арасын ажыратып береді

Енді трайбализм туралы. Трайбализм қайдан шығады? Әрине, рулық жүйеден шығады. Көшіп-қонып жүрген елде басқаша жүйе болуы мүмкін емес. Олардың өмір сүру, еңбек ету жүйесі отырықшылардан бөлек. Жері болғанымен тұрақты мекені жоқ халықтың рулық жүйеден тыс өмір сүруі беймүмкін еді. Демек, рулық жүйе – мемлекеттік құрылым. Оның мынандай сатылары бар. Отбасы, әулет, ата, ру, тайпа, мемлекет. Тура алты саты. Бәлкім, қазақтың «алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген мақалындағы алтау осы шығар. Драматург Елен Әлімжан «Ұлт рухының жаршысы» деген мақаласында осындай болжам айтқан еді. Бірақ, біз негізгі тақырыптан ауытқып кетпес үшін ол жағына тереңдеп бармаймыз. Ал, бұл мысалды рулық, тайпалық басқару жүйесінің халқымыздың тарихында елді адастыру үшін емес, керісінше айрандай ұйытып біріктіру үшін қызмет еткенін баса көрсету негізінде келтіріп отырмыз. Тіпті, «қазақтың еншісі бөлінбеген» деген ұғымның өзі сол ұлтымыздың тұтастығына қызмет етеді. Сонымен бірге мемлекеттік мүддені көздейді. Мәселен, мемлекеттік тапсырма орындауға шыққан хан ордасының қызметкерлері немесе кез келген жолаушы қоналқаға қайда түнейді? Кім тамақтандырады? Олар кез келген үйге қонып, қонағасын, түстеніп сыбағасын жейді. Өйткені, еншісі бөлінбегендіктен қазақтар бір-біріне солай қызмет етуге міндетті. «Қыздың ең жаманы бір ат дорба жемге жарайды» деген мақал да содан шыққан. Алыс жолда келе жатқан жолаушы өз елінің қыздары ерге шыққан ауылды іздейді. Ол ауыл «құда» деп құрақ ұшып, барынша күтеді.

Міне, қазақтың рулық, тайпалық жүйесінің шын астары осында жатыр. Осындай далалық өмір қалыптастырған рулық жүйе қалай жаманатты болды? Әрине, халық болған соң арасында ойлау өрісі тар, бас пайдасын көбірек күйттейтін тобы болмай тұрмайды. Бірақ, олардың әрекеттері бұрын да көрініс бергенімен ұлттық мүддені биік қоя білетіндер оларға тосқауыл бола алған. Демек, өз кемшіліктерінің өріс алып кетуіне жол бермей өздері тыйып отырған. Бірақ, Тәуке хан өлгеннен кейін қазақ халқының бірнеше майда хандықтарға бөлініп кетуі соның салдарынан. Жоңғар хандығынан жеңілуі, ақыры келіп Ресей империясының қол астына кіруі қазақ халқына кері әсерін тигізді. Түбегейлі отарлау үшін Ресей патшалығы қазақ даласына өзінің елшілерін,

ғалым-этнографтарын, шенеуніктерін жіберіп жан-жақты зерттеді. Сөйтіп ділінің, дінінің, тұрмыс-салттарының басқару жүйесінің ең осал тұстарын анықтады. Сол осал тұстардың бірі – қазақ мемлекетінің рулық құрылымы еді. «Рушылдық және ұлттық сана-сезім» атты мақалада: «Олардың алақанындағы қуыршаққа айналған мамандар іріктелініп алынып, халық шаруашылығы саласындағы басшылық орындарға орналастырылды. Отаршыларға жергілікті халықты еркін билеп тұру үшін сондай адамдар керек болды. Оларды өздерінің қолайына жақпайтындарға қарсы шебер пайдаланатын. Әсіресе шен, атақ, әкімшілік орын үлестіру, жауласқан рулар мен тайпалар арасындағы алауыздықты өршіту үшін таптырмайтын құрал еді» (Лиясова, Алибаева, Жаканова, Оскенбай: 2013, 40) деген авторлардың сөздерін растай отырып, қазақ халқының арасында мансапқорлық, арызқойлық, атаққұмарлық сияқты отар елдің өкілдеріне тән мінездердің қалыптасуын қамтамасыз еткеніне куә боласың. Міне, сол елді біріктіріп отырған құрылымды отаршыл идеология елді ыдыратып, бөлшектеп алып билеу үшін пайдаланды. Үнемі рулық алауыздықты қолдап қоздырды. Бұл алауыздықты, әсіресе әкімшілік басшыларын – аға сұлтандарды, дуан-округ жойылған соң болыстарды, билерді, старшындарды сайлау кезінде қатты пайдаланды. Қазақтарды отарлауда ерекше көзге түскен патша шенеуніктерінің бірі М.М.Сперанский. Ол 1819 жылы Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалғаннан кейін «Сібір қазақтары туралы жарғыны» (1822) жазды. Бұл жарғы қазақ халқының ел басқару жүйесін ысырып, Орта жүз қазақтарын Империяға біржола бұғаулап берді. Міне, сол М.М.Сперанскийдің Империя басшылығына жазған бір хатында қазақ даласында балталауға көнбейтін, тек бір-біріне соққанда ғана сынатын сексеуіл деген ерекше өсімдік өсетінін, қазақтарды да осы сексеуіл секілді бір-бірімен соғыстырып сындыруға болатындығын жазғанын тарихшылар қазір жиі мысалға келтіреді.

Халқымыздың бір жола отарланған заманын Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың ең азған заманы деп атауы тегін емес. Абайдың:

Болыс болдым, мінеки,

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал,

Қалмады елге тығындап, – дейтіні сол кез – XIX ғасыр. (Абай, 1995: I том, 102). Ол заманда қазақтың қол жеткізе алатын билігі осы – болыстық (волостной правитель). Ал, сол қазақтың сиқы осындай.

Оңашада оязға

Мақтамаймын елімді,

Өз еліме айтамын:

Бергенім жоқ, – деп, – белімді, (Абай, 1995: I том, 102) деп күпініп, бар есіл-дерті «ел не болса ол болсын, билікке қолым жетсе болды» деп жүрген біреу. Ақыры не болды дейсіз ғой:

Қазақты жеген қайратты «ер»

Ұрынды да берінді.

Өрлі-берлі тартысып,

Ісі арамй жеңілді (Абай, 1995: I том, 103).

Ең өкініштісі осы тартысып, таласып жатқан қазақтардың «ісі арам». Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты осы өлеңі 1889 жылы жазылып, 1909 жылы тұңғыш рет жарық көріпті. Ал, Елен Әлімжанның «Тақталасы» 1991 жылы жазылып, 1995 жылы сахналанған. Аралығында ғасырдан астам уақыт жатыр. Бұл мерзімде қазақтар екі дүниежүзілік соғыстың зардабын көрді. Қазан төңкерісін бастан өткізіп, отырықшыланды. Едәуір бөлігі қалаға шоғырланды. Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы құрылып, өз елтаңбасы мен туына ие болып, әнұраны шырқалғанымен іс жүзінде тәуелсіздік ала алмай Мәскеуге бағынышты боданы күйінде қалды. Соның салдарынан азамат соғысынан соң ашаршылыққа, тәркілеуге, ұжымдастыруға, саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Әйтсе де, бұл кезеңде қазақ еуропаша жаппай сауаттанып, өркениеттің көшіне бет бұрған-ды. Бірақ, психологиясында көп өзгеріс болмағанын, қайта жүзшілдік, рушылдық дерті одан әрі асқына түскенін «Тақталас» комедиясы сахналық әрекеттер, өткір де шебер диалогтар арқылы көркем бейнелеп отыр. Қазақ әлі күнге дейін -

Өз қағазы өз көзін

Жоғалтуға жарайды.

Тауып алып жалғанын,

Қылмысыңды санайды – екен (Абай, 1995: I том, 105).

Енді соңғы ғасырлар және мыңжылдықтар тоғысындағы қазақтың таным-түйсігін «Тақталастың» авторы қалай сипаттағанын көрелік.

Сахнада бос тұрған орынтақ. Иесі орнынан алыныпты деген қауесет бар. Біреулер өсіп кетіпті дейді. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай сол бос орынтақты жағалайды. Хатшы қыздың шығып кеткенін пайдаланып, отырып көруден де дәмелі. Бірақ, бір-бірінен қызғанып алысып-жұлысып жүргенде орынтаққа басқа біреу жайғасады. Ол – жаңа Бастық.

Бастық: Жұмыс істеу керек жолдастар! (үшеуі үш жерден қалшыяды)

Қауғабай: (Сасыңқырап) Нетіп, істейін деп, істеп жатырмыз, Бәсеке.

Дауғабай: Біздің халық еңбекшіл халық.

Жауғабай: Жай, әншейін, былай жұмыс арасында көңіл көтеріп жатқанымыз ғой, әләулай.

Бастық: Тәртіптерің жоқ, жұмысты ұмытып әләулаймен кеткенсіңдер. Сендерді нағыз жатып ішер, нансоғар деуге толық негіз бар.

Қауғабай: Мен мал жағына жауап беремін. Етті де, сүтті де, жүнді де орындап тұрмыз. Нансоғар анау (Дауғабайды көрсетеді) Ал, анау әләулейлім (Жауғабайды көрсетеді).

Жауғабай: (Қауғабайға) Ал, сен етсоғар.

Дауғабай: Иә, иә сен етсоғар. Ал, астықты осы өңірде ең көп жөнелткен мына мен.

Жауғабай: Мен осы өңірдің тауын талқандап тасыттым, құмын көсін алып, жерін үңгіп тесіп алып жөнелттім. Тіпті мұхиттың аржағындағы Америкаға жетіп қалдық-ау деймін.

Бастық: «Партиялық сана жоқ сендерде», – деп ұрысады. Сондағы үшеуінің жауабы:

Жауғабай: Менің атам байларды қамшыменен қойдай қуған!

Дауғабай: Менің атам халық жауларын әшкерелеген чекист.

Қауғабай: Менің атам колхозды өз қолымен құрған.

Одан ары партияға адалдығын айтып ант-су ішкен үшеуі жекеменшік мал үш күннің ішінде етке өткізілсін деген нұсқауды орындауға жұмыла кірісіп кетеді.

Ал, Хатшы қыз Бастығына ұлттық қазақи өрнегі бар қобди сыйлайды. Сөйтіп, Бастығының сынынан өткен Хатшы қыз әлгі үшеуінің отбасы, жора-жолдасы, қоршаған ортасы, мінез-құлқы, тұқым-түкияны түгін қалдырмай баяндап тұруға тапсырма алады. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай да бір-бірінің кемшілігін іздеп, үстілерінен арыз айтып отыратын болады. Демек, бәрі Бастықтың қармағына ілінеді. Одан құтылудың жалғыз жолы – әлгі Хатшы қыз Бастыққа сыйлаған қобдига байғазы беру. Сөйтіп, бұл елде қобди жинау бастықтың хоббиіне, ал оған байғазы беру Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың хоббиіне айналып кетеді.

Бұл комедияның экспозициясы ғана. Одан әрі қобди мен хобби араласқан комедияның драмалық арқауы небір күлкілі ситуациялар арқылы жедел әрі ширақ дамиды. Бұл жерде Хатшы қыздың да ролі үлкен. Орталықпен байланысып, бастықтың директиваларын жазып, оларды Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың жүзеге асыруын бақылап отырған сол Хатшы қыз. Ол – Бастыққа қызмет көрсете жүріп, кезі келгенде оны бас пайдасына пайдалана қоятын, ал әлгі үш ағасын өз уысында ұстауға ұмтылатын әккі кейіпкер. Арасында оқиғаның қалай өрбитінін оқырмандарға хабарлап, сахнамен жанды байланысын Хатшы қыз қамтамасыз етіп отырады.

Сонымен енді экспозиция аяқталып комедияның нағыз драмасы басталып кетті. Үш кейіпкердің өзара бақталастығы, бірін бірі бастыққа жамандауы, Орталықтың асыра сілтеген тапсырмаларын орындауы арқылы комедияда кеңестік дәуірдегі қазақ қоғамының ең бір көрінбейтін қыртыс-қыртысына дейін ашылады. Жарамды деген жердің бәрін жыртып, егістік алқапты эрозияға ұшырату, Орталықты етпен қамтамасыз ету үшін шамадан тыс мал өсіріп жайылымдықты тоздыру, бұл шара аз болып, жекеменшік малды жинатып, даланың аң-құсын дайындап етке өткізу, небір қазба байлықтарды қазып, тау-тасты талқандау – Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың жарыса атқарған жұмысы. Оған қоса Орталықтың арқан салығы, қолда бар мылтықтарды жинап алуы, үйлеріне броньды есіктер салдыруы, тіпті шатырдағы кептерлерді жер аудару сияқты күлкілі директиваларды да жүзеге асыруға тура келеді. Неге шатырдағы кептерлерді жер аудару керек? Өйткені, оларға көршінің қызы жем шашқанда дүр көтерілген бейбітшіліктің бейкүнә құстарының қанаты шатыр-шұтыр етіп, автомат атылғандай әсер қалдырады екен. Сол кезде терроршылдар келіп қалды екен деп Бастықтың зәресі ұшады. Ал, арқанға салық салу себебі, қазақтың жігіттері арқанды лақтырып жүз құлаш жердегі асау жылқыны бұғалықтайды екен. Асау жылқыны бұғалықтап жүрген бұндай жігіттер адамды да бұғалықтап жүре ме деген қауіптен осындай күлкілі директива туған.

Комедиялық кейіпкерлер әрекеті сайлаудың жақындауымен одан әрі шиеленісе түседі. Үшеуі халық өкілдері Мауғабай мен Бақшагүлдің әрқайсысы өзіне дауыс беруі үшін әрекеттеніп бағады. Туысын, жекжатын, құдасын, күйеубаласы мен қызын іздеп небір қызық ситуацияларға ұшырайды. Олар тіпті таққа ешкімді жолатпау үшін айналдыра ор қазуға кіріседі. Бірінен бірі жасырын қазып жүріп, ақыры «біреуге ор қазба, өзің түсесің» деген мақалдың кері келіп, үшеуі де сол орға құлайды. Комедияның екінші бөліміндегі әрекеттер негізінен осы орда өтеді. Осы жолдардың авторымен сұхбатында Е.Әлімжан бұл комедияны жазуға белгілі анекдот түрткі болғанын айтып берді. «Тозақтың қазанына тоғытылған үш қазаққа қарауыл қойып керегі жоқ. Олар онсыз да бірін бірі шығармайды» деген анекдотты автор бүтін бір комедияға айналдырып жіберген.

Осы жерде Н.В.Гогольдің А.С.Пушкиннен «Рақым етіңізші, бір сюжет беріңізші маған, күлкілі ме, күлкісіз бе, әйтеуір бір таза орыс анекдотын айтып беріңізші» деп сұрағаны еске түседі. А.С.Пушкин: «орыс шенеунігі өзін ревизормын деп таныстырып деревняға барыпты» деп қысқаша жауап берген. Бұл жауап жазушының қаламынан әйгілі «Ревизор» комедиясының тууына себеп болған. «Тақталастың» орыстың ұлы комедиясымен ұқсастығы мұнымен бітпейді. «Ылғи жағымсыз жандар арасындағы тартысты бейнелеген кейбір комедияларда жағымды кейіпкер болмайды» (Нұрғали, 2013: 288) – деп академик Р.Нұрғали айтқандай, «Ревизордағы» сияқты «Тақталаста» да бір де бір жағымды кейіпкер жоқ. Неге олай? Осы жерде Бәйдібек бидің «Төрде отырып теріс сөйлегеннен без, есікте отырып керіс сөйлегеннен без» деген әйгілі нақыл сөзін келтіруге болады. Бұл мақалдың халық арасынан «төрде отырған теріс сөйлесе, есікте отырған керіс сөйлейді» деген нұсқасын да естіп жүрміз. Төрде отырған Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың сөзі де, ісі де теріс. Олар қазынаны тонап қана қоймай, бұқара халық өкілдерін қаламаған адамдарына дауыс беруге үгіттейді. Сатып алады. Сол әрекеттерімен Мауғабай мен Бақшагүлді де керіс сөйлеп, теріс іс істетуге мәжбүрлейді. Мауғабай Қауғабайдың құлынды биесін тайымен қоса өліп қалды деген сылтаумен бермей қояды. Қауғабай жазалаудың орнына «өлсе өле берсін (бұл сөзді алсаң ала бер деп ұғу керек) тек маған дауыс берсең болды» деп кешіреді. Ал, Бақшагүл төркіні Дауғабайдан ұзатылатын қызының жасауын түгендетіп алады. Заманның азғаны сонша адам баласының ең асыл сезімі махаббат та құндылық болудан қалған. Жайшылықта Жауғабай Хатшы қызға өз сезімін білдіріп жүреді. Мысалы, «Мына алтын білезікті саған арнап әдейі соқтырдым. Сенің жолыңда бәрі садақа! Сені ешкімге айырбастамаймын!» деп шірене қоразданып тұрған Жауғабайға Хатшы қыз: «Сен айтпақшы, Қауғабай мен Дауғабай мына тұрған Орынтақтың қамымен кеткенін білесің бе?» дегенде күллі сүйіспеншілік ықылас-пейілін ақтарып, айналып-толғанып тұрған дәудің: «Қап, құдайдың ұрғаны-ай! Мен мұнда неғып қай-қайдағыны езіп тұрмын!» деп тұра жүгіру – Жауғабайдың шын бет-бейнесін біржолата танытқандай. Яғни, «не тілесең соның бәрін орындаймын» деп ант-су ішкен Жауғабай, орынтақ мәселесіне келгенде ол уәдесінен тайқып шыға келеді. Демек, адами махаббаттан гөрі, билік пен байлықты артық көреді.

Бірақ, бір-біріне ор қазып омақаса құлап, сол ордан бірінің аяғынан екіншісі тартып шығармай жатқанда заман өзгереді, заманға сай кейбір құндылықтар да өзгеріске ұшырайды. Енді кедейдің, чекистің баласы болу құндылық болудан қалады. Сол кезде Қауғабай да, Дауғабай да, Жауғабай да күні үшін кедей, кеңесшіл жақындарының нәмін алған нағыз шынжыр балақ, шұбар төс байлардың, батырлардың тұқымы болып шыға келеді. Енді олар әрқайсысы ата-бабасының жатқан зираттарының орындарын куәлікке келтіріп жекеменшікке беріліп жатқан жерлердің шұрайлысын алып қалуға тырысады. Тіпті, Дауғабай ата-бабасының жері екенін архив құжаттары арқылы да дәлелдемек болады. Бірақ, бұл үшеу бір-бірімен дауласып ордан шыға алмай жатқанда орынтаққа тағы басқа біреу отырып қояды. Ал, жер, қазба байлықтар өндіру құқы шет елдіктерге беріліп кетеді. Осы жерде КСРО құрамынан шыққан Балтық жағалауы елдерінде мүліктер бұрынғы иелеріне немесе олардың мұрагерлеріне қайтарылғаны еске түседі. Ал, Қазақстанда деколонизация шаралары жүргізілген емес. Қолындағы құжатын да, ата-бабасының зиратын да сұраған ешкім болмады.

Комедияның соңына кісі күлуден гөрі жылағысы келеді. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай өзара таластан ештеңе өндіре алмаған соң жаңа бастыққа жалынады.

Жауғабай: Кішкентай да болса орынтақ беріңіз.

Дауғабай: Мен де соны айтайын деп едім.

Қауғабай: Менің ұзақ жылғы еңбегімді нетіп, қызметсіз қалдырмайтын шығарсыз?

Бастық: Орынтақ біреу, қайсың аласың?

Үшеуі: Маған! Маған! Маған!

Бастық: Ендеше, отыра беріңдер қазған орларыңда. Катюша!

Хатшы қыз: Тыңдап тұрмын, Бәсеке (қолындағы қобдиды бастықтың алдына қояды).

Бастық: (бір қолымен қобдиды, бір қолымен Хатшы қызды сипалап отырып) Катюша, жаз, жаңа директива!

Ата-бабалары қалдырып кеткен жердің, қазба байлықтардың шетелдіктерге беріліп кеткені бүгінгі Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайларды еш қайғыртпайды. Олардың басты уайымы жерін сатса да, байлығын шашса да орынтаққа ие болу. Бұл жаңа бастыққа тиімді. Ол, енді Хатшы қызға жаңа директивалар жазуға бұйырады. Ол, директивалар бірлігі жоқ халықтың тағы қандай құндылықтарын арзандатып талан-таражға салады? Оқығанда күлкілі болғанымен артынан ойлағанда өте қорқынышты.

Болашақ үшін қорқынышты. Тіпті, мына түрімен қазақ өз алдына ел бола ала ма, жоқ па, деген ойға да жетелейді. Кейіпкерлердің жағымсыз жағын аяусыз әжуалап, өз ұлтын осылай «сүмірейтіп» жібергені үшін авторға кінә артқың да келеді. Бірақ, өз ұлтын шексіз сүйгеннен де осылай ауыр айтып отырғанын түсінесің. Гоголь де «Ревизорында» өз ұлтын сүйгендіктен де осылай аямай сынаған ғой. Қай халықта болсын мейлі, ел өміріндегі кемшін тұстарды ашық жазып, олардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізулері, өз ұлтын жек көргендігінен емес, осыдан жиреніңдер деп өсиет еткендігі деп түсіну керек.

Жалпы, қазақ халқының жақсы және жаман қасиеттері туралы ғылыми айналымда жүрген еңбектер баршылық. Олардың авторлары ерте замандардан бастап ұлы даланы

кезіп, оның тұрғындары туралы жазбалар қалдырған көрші империялардың елшілері, ғалымдары, тыңшы-барлаушылары. Солардың ішінде орыс ғалымы А.Левшин қазақ халқының жаман қасиеттерін көп тізген. Ол «қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен суреттері» кітабындағы, «Нравы» деп аталатын тарауында (Левшин, 1996: 320-331) Қазақ халқына тән 29 кемшілікті атап өтіпті. Оның пікірінше қазақтар 1) адамгершіліктен ләззат алу дегенді білмейді; 2) өзінің физикалық қуатын арттырмайды; 3) жалқау, қысы-жазы жатады; 4) қамсыз, ештеңе ойламайды; 5) тамақсау; 6) мылжың; 7) жеңілтек, ұшқалақ; 8) сенгіш; 9) алдап кетеді, сөзде тұрмайды; 10) сараң; 11) қызғаншақ, болмашы нәрсені бөлісе алмай қырылысып қалады; 12) бірдеңе сұрасаң бағасын екі есе өсіріп жібереді; 13) сұраншақ; 14) шыдамсыз; 15) күштілердің алдында құрдай жорғалап, әлсіздерді құрдай жорғалатуға құмар; 16) ашуланшақ; 17) сезімсіз, әсіресе, кедей, байғұс отандастарының басына іс түскенде; 18) тұрпайы; 19) надан; 20) өз дегенін істейтін бейбастық; 21) жыртқыштықты ерлік деп біледі; 22) ең білімсіздерде болатын жаужүректік оларда мүлде жоқ; 23) сотқар, елірме; 24) пайдакүнем, қанағатсыз; 25) өз дінінен басқа діндегілерге қонақжай емес; 26) қазақ ордаларында жиһанкезге ешкім кепілдік бере алмайды; 27) мансапқор, атаққұмар әсіресе, биліктегілер; 28) кекшіл; 29) қанішкіш.

А.Левшиннің заманында, одан бұрын және кейін қазақ даласын талай саяхатшылар аралап халқымыз туралы өте тамаша пікірлер жазып қалдырған. Мәселен, поляк А.Янушкевич «Күнделіктері мен хаттары», Герн Фон В.К. «Характер и нравы Казахов». Сондай-ақ ғылыми айналымда 1914-1919 жылдары Орталық Қазақстанда жұмыс істеген ағылшын инженері Дж. Уорделлдің, АҚШ-тағы Колгейт университетінің профессоры М.Б.Олкоттың, АҚШ дипломаты Ю.Скайлердің және басқалардың қазақ халқының қонақжайлығы, бауырмалдығы, бала мінезділігі, балаларын шексіз сүйетіндігі, үлкенді құрметтейтіндігі, ата-анасын сыйлайтындығы, ержүректігі, еркіндікті сүйетінді және басқа толып жатқан жақсы қасиеттері жүр. К.Есмағамбетов «Қазақтар шет ел әдебиетінде» (Есмағамбетов, 232: 127). Сондықтан да А.Левшиннің пікірлерінде отарлаушы елдің көзқарасы жатқандығын байқау қиын емес. Бұл ғалым біздің «түгімізді қоймаса да», оның көп пікірлерін мойындауымыз да керек. Өйткені, қазақ халқының жағымсыз жақтарын көрсетуде өз халқымыздың ұлы перзенті Абай Левшиннен асып түспесе, кем түспеген. Оның көбінесе күйініп жазған әрбір қара сөздерінен байқау аса қиынға соқпайды. Бірақ, отарлаушы елдің арнайы тапсырмамен келген саяхатшысының жазбалары ұлтымыздың билеп-төстеу үшін жазылған болса, Абайдың «қара сөздері» ұлтымызды түзету мақсатында жазылған.

Қай сөзінің болмасын тағылымы үлкен. Десе де отыз тоғызыншы сөзін мысалға келтіруді жөн көріп отырмыз. Бұл сөзінде Хәкім Абай ата-бабаларымыздың «екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді» дейді. Абай жоғалтып алдық деп отырған екі мінезіміздің бірі – елді шын жанашырлықпен басқарған «ел басы», «топ басы» деген кісілер. Екіншісі – намысқорлық.

«Тақталастағы» ел басқарады деген кейіпкерлер осы екеуінен де жұрдай. Демек, арада қанша уақыт өтсе де қазақтың бұл кемшіліктері түзелмеген. Ал, сахнада автордың өткір сөздері, артистердің орындауымен одан әрі тереңдей түседі. Бұл жөнінде «Жазушы қоғамының көркем суретін салуы керек» деген сұхбатында Е.Әлімжан былай дейді: «Тақталасты» Жамбыл облыстық қазақ драма театрында алғаш сахналаған режиссер Оразхан Кенебаев кеңестік кезеңде айтылған «Партия туралы әнді» қосып халыққа дауыс беру жәшігіне бейне бір соқыр адамдарша жылжытып әкеледі. Партия туралы жырға елтіген халық қалай, кімге дауыс беріп жатқанын білмейтін сияқты. Бұл әнді әдетте кісінің делебесін қоздыратын марш ырғағымен еркек әншілер айтып жататын сияқты еді, ал Оразхан болса, кісінің буын-буынын алатын жұмсақ шарап сияқты нәзік әйел дауыспен беріп жатыр. «Мен өз халқымды жанымдай жақсы көремін!» деп қасымда отырған Оразханға қарап ышқына айқайлап жіберіппін. «Мен де жанымдай жақсы көремін» деп ол да саңқ етіп мен жаққа қарады.

Елен Әлімжанның өз ұлтын қалай сүйетіндігін, әсіресе, оның өз халқына тән ортақ мінезін анықтауға арналған «Қазақ қандай халық?» деген мақаласынан көруге болады. (Әлімжан, 2006: 221). Автор бұл мақаласында қазақ халқының басты қасиеті – Кісілігі деп дәлелдейді. Иә, «Тақталастағы» ащы шындықтар өз халқына деген махаббаттан туған. Сондықтан, оған ренжімейсің, ойланасың. Бәлкім, өзінді өзін түзеуге бет бұрасың. Себебі, біз мұның залалы мен зардабын ғасырлар бойы көріп келеміз. «Талантты да еңбекшіл қазақ халқы да өз өмірінде қатал езгі мен жан түршігерлік әділетсіздікті көп көрген. Бірақ, ол қанша күйзеліп, қайғымен күңреніп жүрсе де күлкісі мен сықағынан қол үзбеген. Өзіне жаулық, жауыздық істеген таптар мен түрлі басқыншы, езушілерге қарсы сатира, юмор арқылы күресін тоқтатпаған» (Қожакеев, 1996: 453).

Жоғарыдағы сөзімізді нақтылар болсақ, қазақ қаламгерлері трайбализм тақырыбын жер дауы, жесір дауы деңгейінде ғана қозғады. Мәселен, ұлы жазушымыз М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Ақан сері-Ақтоқты» тағы басқа драмаларындағы жер, жесір дауларында сөз болады. Ал, жазушылар жаппай тап күресін жырлаған коммунистік кеңестік дәуірде бұл тыйым тақырыптардың бірі болды. Есесіне іс-жүзінде билеушілер бодан елінің осы дертін одан әрі қоздырып, бөліп алып билей беру үшін тиімді пайдалана алды. Соның салдарынан кеңестік кезеңде қазақ комедиясының өрісі тым тар болып, тұрмыстық, отбасылық шеңберде қалып қойды.

Сатираның найзасы еңбек ұжымдарындағы жалқауларды, алаяқтарды, жалпы буржуазиялық психологияны әжуалады. Рас, 1956 жылы СОКП-ның XX съезінде Сталиннің жеке басына табынушылық әшкерелегеннен кейін қазақ жазушыларының тынысы ашылып, өрісі кеңейді. Әсіресе, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында қамтылған тарихымыздың XIX ғасырдың екінші жартысынан әрі жылжытқан көптеген тарихи романдар дүниеге келді. Сол сияқты, қазақ комедиясына да бір серпіліс келді. Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Қуырдақ дайын», «Құдағи келіпті», Қуандық Шаңғытбаев пен Қанабек Байсейітовтің «Беу,

қыздар-ай!», «Ой, жігіттер-ай!» комедиялары осы кезеңде жазылды. Бірақ, цензорлық шектеу әлі де алынбаған болатын. Қалтай Мұхамеджанов «Бөлтірік бөрік астында» комедиясындағы бір кейіпкерін стилияға етіп көрсеткені үшін көп сын естігенін айтады. Содан соң ол ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке театрға келіп комедияны көруін өтінеді. Жазушы театрға Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Фазыл Кәрібжановпен бірге келіп, спектакльді көреді. Партия хатшысы стилияғаның сөзінде, қимылында шектен шығып тұрған ештеңе жоқ екенін айтып, орынсыз сын содан кейін тоқталады.

4. Нәтижелер

«Тақталас» комедияның бірінші бөлігінде партияның, Мәскеудің басқаруындағы қазақтың халі көрсетіледі. Бастықтың өсіремін деген есек дәмесіне мәз Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың орынтақ үшін басқаның бәрін сатып жіберуге даяр болса, екінші бөлімінде олар бір-біріне ор қазып жүріп, ол құрдымға өздері құлайды. Онымен де тынбай, орда жатып айқасады. Бірі шықпақ болса, қалған екеуі тартып жібермейді. Кәдімгі «орға түскен үш қазаққа қарауылдың керегі жоқ, олар бір-бірін шығармайды» деген анекдоттың нақ өзі. Ақыры орынтаққа тағы да жоғарыдан басқа бастық келіп отырады. Драматург Е.Әлімжан бірінен-бірі өтіп жатқан күлкілі оқиғалар тізбегін эксцентрикалық тұрғыда шешкен. Автордың басты жетістігі – мәселеге әр заманның өңін беріп, шекпенін кигізуі. Жалпы, Е.Әлімжанның пьесаларына тән нәрсе ол бірінші бөлімді экспозиция ретінде пайдаланады. Алдағы оқиғаны шарықтау шегіне көрерменді дайындап әкеледі. «Тақталаста» да сондай.

Шығармада жағымды бейне жоқ, бәрі пенде. Олардың пендешілігі көп. Соның бәрі айта отырып, береке-бірлікке шақырады. Қазақстан тәуелсіз ел болды. Бірақ, өркениетті елдерге теңелу үшін ең алдымен бірлік керек екенін үндейді. Бірінді бірің аяқтан шалып орға жыға берсең, әлі де жатқа жем болуың мүмкін дегенді айтады автор. Десек те, Бастықтың жұмсақ орындығы үшін, сол жұмсақ орындықты сыйлайтын билік пен байлық, мансап пен мадақ үшін таласқан пенделердің сырт көзге байқалмайтын құпиясын әжуа-күлкі арқылы шебер әшкерелеп берді. Комедиядағы түрлі деңгейдегі әр кейіпкердің мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктеріне айрықша назар аударған. Сөз өнерін терең зерттеген Зейнолла Қабдоловтың: «Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды» (Қабдолов, 141) деген пікірі айтылған сөзімізге дәлел. Жалғанды жалпағынан басып жүрген Бастықта бір-ақ мақсат барын анық ұқтыруға күш салған. Ол – қазақ елі мен жерінің күллі байлығын – астығы мен кенін, еті мен майын Орталыққа уақытылы жіберіп отыру. Осы ойын жүзеге асыру үшін жергілікті халықтың бас көтерер азаматтарын тізгіндеп тұқыртып ұстап, олардың бойындағы осал мінездерді шебер пайдаланып, астары терең көп қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірлерді көркем жинап бере алған. Жалпы, Е.Әлімжанның комедиялары уақытпен үндестігі, өзектілігі тұрғысынан бағалы болып, театрлар репертуарынан лайықты орын алып отырды, ал, «Тақталас» тақырып сонылығы, өткірлігімен ерекшеленеді.

5. Қорытынды

Күлдіре отырып ойландыратын, ойландыра отырып күлдіретін бұл эксцентрикалық комедияның талдауға алынуы тақырып тосындығында ғана емес автордың сахналық ситуацияларды ұтымды таба отырып, әр кейіпкердің мінез-құлқын да, тілін де даралай білуінде. XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында және тәуелсіздік жылдары қазақ драматургтері кейіпкерлерінің тілін даралауға мән бермейтін болған. Оны қазақтардың аралас-құраласы күшеюінен және әдеби тілдің қалыптасуынан деп қабылдап, театр да, сыншылар да мән беруді қойған. Бір сөзбен айтқанда бәрі бір қалыптан шыққандай сөйлейтін кейіпкерлер көбейіп кеткен. Ал, «Тақталастың» авторы тілге баса мән беріп, характер ашудың басты құралының бірі ретінде қарастырған. «Комедияның жанрлық ерекшелігі тартыста, сюжетте, қызықты ситуацияда ғана емес, тіл өрнегінде де жатыр. Дараланған, өзгелерге ұқсамайтын әрбір кейіпкердің тілі күлкі шақырса, сахналық туындының жаны кіре бастайды» - деп Р.Нұрғали өз шығармаларында терең зерттеген (Нұрғали, 2013: 288). Бір сөзбен айтқанда, комедия кейіпкерлерінің тілі олардың мінезіне сай. Оны бұл мысалдан ғана емес, аталмыш еңбектің жоғары жағында келтірілген үзінділерден де айқын аңғаруға болады. Автор «Тақталас» арқылы қазақ өмірінде орын алып отырған, басшылық қызмет-лауазымдағы қайсыбір азаматтарымыздың халық, қоғам тағдырын тереңнен ойлап, өзара ынтымақтастықпен қызмет атқару орнына, өздерінің жеке бастарының қамынан аса алмай, тақталастық-бақталастық жолына түсіп, билік таласы әуре-сарсаңымен кетсе түбінде осынау солақай, сорақы іс-әрекеттерінің «жемісін» осылай көреді деген астары терең арналы ойды оқырман, көрермен көкейіне шегелеп құяды. Сонымен қатар, рушылдық, жүзшілдіктің нақты себебі бүгінгі күнге дейін ара тұра жазылған болса да, оның көркем шығарма құрылымына енгізілуі драматургия саласындағы күрделі мәселе екендігі дәлелденді. Сондықтан, қазақ қоғамының қазіргі келбетін көркем әдебиетте өрнектеп қалуға барын салып жүрген жазушы-драматург Елен Әлімжанның «Тақталас» комедиясы соңғы жылдары ұлттық драматургияға келіп қосылған соны да шоқтығы биік дүние екенін нақты айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Абай. I том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 102 б.
2. Әлімжан Е. Тақталас. Пьесалар. – Тараз: Сенім, 2006. – 256 б.
3. Бәкірұлы Ә. Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады. Durbi.kz – республикалық, қоғамдық, діни-танымдық сайт. – 6 қаңтар, 2020. <https://durbi.kz/2020/01/06/rushyldyq-qogamdyq-dertke-ainalyp-barady/>
4. Есмағамбетов К. Қазақтар шет ел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра 1994. – 232 б.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: 2006 - 8 том. – 728 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
7. Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.) Ұжымдық монография. – Алматы: Brand book, 2020. – 444 б.
8. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
9. Мырзахметұлы М. Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл суреткері. Қазақ әдебиеті. – 7 тамыз, 2020.
10. Мұратқызы А., Мұқан А.О., Тәшімова М.М. 1946-1960 жылдардағы қазақ драматургиясы

(Ә. Тәжібаев пен Ғ. Мұстафин пьесалары негізінде) //«Keruen», №4, 81 , 2023. 295- 305 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24>.

11. Нұрғали Р. Шығармалары. Әдебиет теориясы. 7 том. – Астана: Фолиант, 2013. – 416 б.

12. Askhat Mayemirov, Kabyl Khalykov, Bakhyt Nurpeis (2015) Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence. doi:10.7592/FEJF2015.62.kazakh. <https://folklore.ee/folklore/dat/fl062FX000418.htm>

13. Лиясова А.А., Алибаева Р.Н., Жаканова Т.А., Оскенбай Ф.С. Рушылдық және ұлттық сана-сезім //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2013. – №2 (45). – Б.34-45 <https://nabrk.kz/kk/e-catalog?searchType=simple&field>

References:

1. Abai. (1995) Volume I. Almaty: Zhazushi.– 102 p. (in Kaz)
2. Alimzhan E. (2006) Taktalas. Plays. Taraz: “Senim” – 256 p. (in Kaz)
3. Bakiruly A. (2020) Tribalism is becoming a social disease. Durbi.kz. January 6. <https://durbi.kz/2020/01/06/rushyldyq-qogamdyq-dertke-ainalyp-barady> (in Kaz)
4. Esmagambetov K. (1994) Kazakhs in foreign literature. Almaty: “Atamura”. – 232 p. (in Kaz)
5. National Encyclopedia of Kazakhstan. (2006) Almaty. Volume 8. – 728 p. (in Kaz)
6. Kabdolov Z. (2002) Art of words. Almaty: “Sanat”– 360 p. (in Kaz)
7. Innovative researches in modern Kazakh dramaturgy (1991-2016) (2020) Collective monograph. Almaty: Brand book. – 444 p. (in Kaz)
8. Kozhakeev T. (1996) Basics of satire. Textbook. Almaty. “Category”. – 464 p. (in Kaz)
9. Myrzakhetmetov M. (2020) An honest painter of today's Kazakh life. Kazakh literature. - August 7. (in Kaz)
10. Muratkyzy A., Mukan A.O., Tashimova M.M. (2023) Kazakh drama in 1946-1960 (based on the plays of A. Tazhibayev and G. Mustafin). “Keruen”. No. 4, 81. – P. 295-305 p. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24>. (in Kaz)
11. Nurgali R. (2013) Works. Theory of literature 7 volumes. Astana: “Foliant”. – 416 p. (in Kaz)
12. Askhat Mayemirov, Kabyl Khalykov, Bakhyt Nurpeis (2015) Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence doi:10.7592/FEJF2015.62.kazakh. <https://folklore.ee/folklore/dat/fl062FX000418.htm> (in Eng.)
13. Liasova A.A., Alibayeva R.N., Zhakanova T.A., Oskembay F.S. (2013) Rushıldıq jane ulttıq sana-sezim. //Al-Farabi KazNU Herald. Psychology and Sociology Series. No. 2 (45). – 34-45 p. <https://nabrk.kz/kk/e-catalog?searchType=simple&field> (in Kaz)